

«Адамды еркін адам деп тану азаматтық өмірдің тарихи қозғалысындағы ең үлкен қадам болып табылады; бұл азаматтық тәртіпті шынымен адамға айналдыратын кезеңді білдіреді».

Б. Чичерин

Сабақ тақырыбы:

Азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет.



Сабақтың мақсаты: азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттің белгілерін білу;

Бағалау критерийлері:

Оқушы:

- **азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттің белгілерін біледі;**
- **азаматтық мемлекеттің ерекшеліктерін талдайды;**

Құқықтық мемлекет — конституциялық басқару тәртібі, дамыған құқықтық жүйе мен тиімді сот билігі бар мемлекет нысаны.

«заңды мемлекет»
термины (Кант)

«құқықтық мемлекет»
термины (19 ғ. басы)

Құқықтық
мемлекеттердің
құрылуы– XX ғ. аяғы:
ФРГ, АҚШ, Франция.



Құқықтық мемлекеттің белгілері:

- Құқық үстемдігі
- Адам құқығының үстемдігі
- Жеке тұлғаның және мемлекеттің өзара жауапкершілігі
- Билікті бөлу принципі
- Саяси және идеологиялық плюрализм
- Соттың тәуелсіздігі
- Мемлекеттің азаматтық қоғам істеріне араласпауы

Азаматтық қоғам – саяси үкіметке тәуелсіз жұмыс істейтін және оған ықпал жасауға қабілетті әлеуметтік қатынастар мен институттар жиынтығы; дербес жеке адамдар мен әлеуметтік субъектілер қоғамдастығы

Азаматтық қоғам үкімет, билік құрылымдарынан тысқары жатқан әлеуметтік байланысты танытады. Азаматтық қоғам аса дамыған экономикалық, мәдени, саяси, құқықтық қарым-қатынастар болуын талап етеді

Азаматтық қоғам

Азаматтық қоғамның құрылуының принциптері:

Өндіріс құралдарының жеке меншік құқығы

жеке еркіндік пен жеке дара тәуелсіздік

азаматтардың мемлекеттің және қоғамның қызметі туралы білуі

халықтың егемендігі, халықтың үстемдігі мен билігі

заңдардың әділдігі және оларды орындау қатаңдығы

қоғамдық пікір қалыптастыру бостандығы

Сөздің кең мағынасында

Мемлекет тікелей реттемейтін барлық құрылымдар мен қатынастар

Қысқаша айтқанда

Бұл қоғам дамуының белгілі бір кезеңінде, демократиялық-құқықтық мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық негізі болып табылады

(Т) (ҚБ) Тапсырма 3: Азаматтық қоғам институттарының мысалдарын келтіріңіз:

1. Экономика саласында
2. Әлеуметтік салада
3. Рухани мәдениет саласында
4. Мемлекет тарапынан азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғау саласында.